



Р2008

39к



# ҚАЗАҚСТАН және әлем елдері





# ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ



ИЗДАТЕЛЬСТВО Алматы  
**ӨНЕР** 2007  
БАСПАСЫ

327 (574)

ББК 66.4 я 6  
Қ 18

*Құрастырушылар:*

Ермекбаев Н.Б., Қойшыбаев Г.Т., Лама Шариф К.К.

Редактор-аудармашы К. Панзабеков, аудармашы Е. Ералы

Қ 18 Қазақстан және әлем елдері. Кітап-альбом. — Алматы:  
“Өнер” баспасы, 2007. — 304 б.

ISBN 978-601-209-022-2

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігінің 15-жылдығы кезеңінде әлемнің 118 елімен дипломатиялық байланыс орнатып, бүкіләлемдік қауымдастықтың беделді мүшесіне айналды.

Бұл кітап-альбомға Қазақстанмен тығыз қарым-қатынастағы осынау мемлекеттер туралы мәліметтер енгізіліп отыр.

Кітап-альбом саясаткерлерге, экономистерге, тарихшыларға, халықаралық қатынастар мамандығына оқитын студенттерге, туристерге, сонымен бірге көпшілік оқырманға арналады.

Қ 0803010100  
00(05)-07



ББК 66.4 я 6

ISBN 978-601-209-022-2

© “Өнер” баспасы, 2007



*Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шетел дипломаттық Корпусымен кездесуіндегі сөйлеген сөзінен*

*2005 жылдың 21 қазаны,  
Астана қаласы*

...Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары біздің саясаттағы, экономикадағы, әлеуметтік саладағы толағай табыстарымыздың тарихына айналды. Бұл жылдарда біз дүние жүзінің 118 елімен дипломатиялық байланыс орнатып, бүкіләлемдік қауымдастықтың беделді мүшесіне айналдық.

Бүгінгі таңда, “Қазақстан — 2030” стратегиясын іске асырудың сегізінші жылында, біз жалпы ішкі өнімі орта есеппен жылына 10 пайыз құрайтын әлемдегі неғұрлым серпінді дамыған экономикасы бар өркенді бестіктің ішіне кіре алатын экономика құра білдік.

Қазақстанда осы заманғы демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамның барлық институттары құрылды, саяси сан алуандық пен көп партиялылық берік орын алды.

Салмақты да сындарлы сыртқы саясатының нәтижесінде Қазақстан халықаралық ауқымда айтулы табыстарға жетті. Біздің еліміз халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен нығайту жөніндегі бірқатар жаһандық жобалардың бастамашысы әрі белсенді қатысушысы болып отыр.

Біздің ұлттық тарихымызда тұңғыш рет аумағымыздың айнала бойында —

Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Түркменстанмен мемлекеттік шекарамызды белгілеуде түпкілікті заңдық тоқтам жасалды.

Тұғас алғанда, Қазақстан көп іс тындыра алды, әрі жедел қарқынмен тындырды деп айтуымызға толық негіз бар.

...Салтанатты күн — Қазақстан Республикасы мемлекеттік суверенитеті туралы Декларацияның қабылдануының 15 жылдығы қарсаңында — біз мынаны сеніммен айта аламыз: қазақ мемлекеттілігін қайта құруға байланысты тарихи миссия табысты аяқталды.

Қазақстан демократиялық, зиялы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып қалыптасты. Оның ең жоғарғы құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандығы болып табылады.

Біз Қазақстан дамуының дұрыс траекториясын таңдап алдық, әлеуметтік-экономикалық реформаларды батыл және тиімді жүргіздік. Олардың нәтижелерін бүгінде азаматтардың әл-ауқаты мен экономиканың бәсекелестік қабілеттілігінен көруге болады.

Соңғы жеті жылда экономикалық өсудің орташа жылдамдық қарқыны 9—10%-ды құрады. Республикалық бюджет 10 миллиард доллардан асты. Сыртқы

сауда айналымы 4 есе өсті. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім (ВВП) үш есе көбейіп, 1999 жылғы 1130 доллардан 2005 жылы 3440 долларға жетті.

Өздеріңіз білетіндей, менің Қазақстан халқына ақпандағы “Қазақстан жедел экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизация жолында” атты Жолдауымда еліміздің жарқын перспективада дамуының негізгі басымдықтары анықталған.

Біздің есебімізше, Қазақстан отын-энергетикалық кешенінің даму бағдарламасының жүйелі іске асуы 2015 жылға қарай мұнай өндіру деңгейін жылына 150 миллион тоннаға жеткізуге және ірі мұнай өндірушілердің ондығы қатарына қосылуға мүмкіндік береді.

Қазақстан өзіне алған міндеттемелерді соңына дейін орындауға күш салатын болады және бұрын шетелдік компаниялармен қол қойылған келісімшарттарды бір жақты қайта қарауға бармайды. Сонымен қатар шетелдік серіктестерімізден контракттардың шарттарын, әсіресе әлеуметтік және экологиялық бағдарламаларға байланысты пункттерін қатаң орындайды деп күтеміз.

Өнімдерді бөлісу туралы жаңа келісімдер жасағанда Қазақстан өз мемлекетіміздің мүдделерін мейлінше еске алатын болады.

Әлем рыноктарына көмірсутегін тасымалдау мәселелері өз шешімін табуда. Каспий құбыр консорциумының өткізгіштік қабілетін жылына 67 миллион тоннаға жеткізу, Қазақстанның Баку — Тбилиси — Джейхан мұнай құбырын пайдалануға қатысуы туралы уағдаластық бар, желтоқсанда Қазақстан — Қытай мұнай құбырын салу аяқталады. Мұнай мен газды тасымалдаудың басқа да жобалары жасалуда. Оны жүзеге асыру экспорттық құбырды диверсификациялау мәселесін шешуге мүмкіндік береді және елдегі инвестициялық жағдайды жақсартады.

Қазақстанды модернизациялау стратегиясы табысының шешуші фак-

торы кадрлар дайындау екенін түсіне отырып, білім беру жүйесінде оны әлемдік деңгейге жеткізу мақсатында реформалар жүргізу әлі жалғасып келеді. Осы жылдан бастап 3 мың алдыңғы қатарлы жастар өкілі “Болашақ” бағдарламасы бойынша атақты шетелдік университеттерде оқитын болады. Қазақстанның жоғары оқу орындарына ең жақсы шетел профессорлары шақырылады.

2005 жылы білім беруге жұмсалатын шығындар өткен жылғымен салыстырғанда 25%-ға өсіп, ішкі жалпы өнімнің (ВВП) 3,9%-ына жетті.

Жоғарыда аталынған басымдықтарды іске асыру ХХІ ғасырдың екінші онжылдығында Қазақстанның өте жоғары бәсекелестік қабілеті әлемнің 50 елінің қатарына қосылуға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтері бойынша бәсекелестік қабілетінің әлем рейтингінде Қазақстан ТМД елдерінің алдына түсіп, 61-орынды иеленді.

Бұл тұрғыдан келесі жылға жоспарланған Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда ұйымына ДСҰ (ВТО) кіруінің маңызы зор. Ол осы ұйымға қатысушы мемлекеттерге рыноктарда өзара тауар және қызмет көрсетумен алмасуға мүмкіндік ашып, отандық өндірісшілерге бизнес жүргізуде халықаралық стандарттарға көшуге үлкен түрткі болады.

Қазақстан әлем мемлекеттерінің көбімен келісімдерге қол қойғанын айтқым келеді. Қазақстанның ДСҰ (ВТО)-ға кіруін АҚШ, Еуропалық Одақ қолдап отыр. Енді кейбір елдермен келісімге қол қою қалды. Және мен олардың елшілеріне біздің ұмтылысымызды қолдаса екен деп тілек білдіремін.

Біз Дүниежүзілік банк, Дүниежүзілік валюта қоры, Еуропалық реконструкция және даму банкі, Ислам даму банкі және басқалары сияқты халықаралық қаржы институттарына біздегі нарықтық реформалардың және құрылымдық қайта құруларға экономикамыз қиын жағдайға тап болған кезеңде біздің республиканы

қолдағаны үшін алғыс айтамыз. Қазақстан бұл ұйымдармен ынтымақтастықты бұдан әрі жалғастыратын және олардың ұсыныстарымен санасатын болады.

Осы жылдардың бәрінде Қазақстан, елде тұратын 130-дан астам ұлттар өкілдерінің мүдделерімен санаса отырып, тиімді ұлттық саясат жүргізіп келеді. Бұл саясат біздегі ең басты байлық — қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік беріп отыр. Қазақстанда бірегей қоғамдық институт — Қазақстанның Халықтар Ассамблеясы жұмыс істеп келеді.

Жаһандық конфессия аралық диалог ұйымдастыру бастамамызды әлем кеңінен мойындады. Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының Бірінші съезі дінаралық қатынастарға байланысты тұрақты қызмет істейтін Халықаралық орган құру үшін үлкен мүмкіндік ашты. Келесі жылы біз Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының Екінші съезін өткізуді жоспарлап отырмыз.

Қазақстанның ұлтаралық және конфессия аралық келісім саласындағы тәжірибесін ескере отырып, келесі жылы Астанада (ЕҚЫҰ) ОБСЕ-нің басшылығымен толеранттық, төзімділік, қоғамдық және ұлтаралық келісім мәселелері бойынша халықаралық форум өткізу туралы ұсыныс жасаймыз.

...Қазақстанның тәуелсіздігі мен суверенитеті қазіргі халықаралық қарым-қатынастардың талас тудырмайтын факторы болып табылады.

Қазақстан — халықаралық антитеррорлық коалицияның белсенді мүшесі және әлемдік қауымдастықтың Ауғанстан мен Ирактағы ішкі саяси жағдайды тұрақтандыруға бағытталған ұмтылысын қолдайды.

Қазақстан қауіпсіздіктің азиялық жүйесін жасау мақсатында 1992 жылдың өзінде-ақ Азияда өзара әрекеттестік және сенім шараларына байланысты кеңес шақыру жөнінде бастама көтерді. 2002 жылдың шілдесінде өткен СВМДА (АӨСШК) мемлекет басшыларының

Бірінші Саммиті, қол қойылған Алматы акті мен терроризмді болдырмау мен өркениеттер арасындағы диалогқа көмектесу Декларациясы аймақтың ерекшеліктері мен әр алуандығын ескеріп, Азия құрылығында қауіпсіздікті қамтамасыз етуде оған қатысушы елдердің негізгі көзқарастары мен іс-қимылдарын анықтап берді. Біз 2006 жылы СВМДА мемлекеті басшыларының Екінші Саммитін Қазақстанда өткізу туралы ұсыныс жасадық.

Әлемдік қауымдастықта халықаралық терроризммен, экстремизммен, наркотиктердің тарауымен, трансұлттық қылмыспен және жасырын миграциямен күресу Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШОС) ШЫҰ қызметінің басты бағыттарының бірі болып отыр.

Осы жылдың шілдесінде Астанада ШОС мемлекет басшыларының оныншы юбилейлік Саммитінде осы ұйымның мүмкіндіктерін едәуір күшейткен Индияға, Иранға және Пакистанға бақылаушылар мәртебесін беру туралы шешім қабылданды.

Қазақстан біздің дәстүрлі серіктесіміз және стратегиялық одақтасымыз — Ресеймен ынтымақтастықтың даму қарқынына толық қанағаттанады. Біздің қарым-қатынастарымыз барлық бағыттар бойынша жедел дамып келеді. Тек осы жылдың өзінде менің Ресей Президенті Владимир Путинмен ресми сегіз кездесуім өтті.

Біздің Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастығымыз стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Астана мен Пекин арасындағы қатынастарға ешқандай саяси кедергілер жоқ, ал сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері өзара тиімді және тату көршілік негізінде шешіліп келеді.

Қазақстан экономикасына салған инвестициялары жөнінен алдыңғы орындағы АҚШ-пен қарым-қатынастардың маңызы ерекше. Шетелдік инвестициялар құрылымында америка капиталы-

ның үлесі тұрақты 35—40%-ды құрап отыр. Әлемнің бұл жетекші держава-сымен бұдан былайда ынтымақтастықты дамыту мәселесінде Қазақстан екі ел арасындағы демократиялық серіктестік туралы Хартияда айтылған негізгі қағидаларды ұстанатын болады. Таяуда Астанада АҚШ Мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райспен жемісті де пайдалы келіссөздер болды.

Орталық Азия елдерімен қатынастарды нығайту қазақстандық сыртқы саясаттың өзгермейтін басымдығы болып қала береді. Қазақстан халықаралық терроризммен, экстремизммен және наркотрафикпен күресте ортаазиялық көршілерін қолдап келді және қолдай береді де.

Жақын арада ЕврАзЭС пен ЦАС (ОАК) ұйымдарының бір-бірімен қосылуы аймақ арасында тығыз интеграция қажеттігін айқындай түсті.

Бүгінгі кезде Орталық Азия күннен-күнге өзіне әлем көлемінде халықтардың назарын аударып отыр. Біздің серіктестеріміз “Жапония + Орталық Азия”, “ЕС + Орталық Азия”, АҚШ пен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сауда және инвестициялар туралы Рамочное келісімінің бастамашылары болып отыр. Бұл бастамалардың бәрі — Орталық

Азия елдері әлемдік аренада қажетті екенінің және өз мүдделерін қорғай алатынының толық дәлелі.

Біздің басымдығымыз — бұл ТМД-ның барлық елдерімен ынтымақтастық, сондай-ақ Қауымдастықты одан әрі реформалау мәселесі. Бұл тұрғыдан Қазанда өткен ТМД Саммитінің нәтижелерін жоғары бағалаймыз. Біздің ұсыныстарымыздың негізінде Қауымдастықты реформалау үрдісі басталды.

Тараптардың мүдделерімен өзара санасудың негізінде Қазақстанға аймақтағы тұрақтылықтың факторы ретінде қарап, оны еуропалық рынокқа энергоресурстар беретін баламалы елдердің бірі деп санайтын Еуропалық Одақпен ынтымақтастық жақсы дамып келеді.

Қазақстан Азия елдерімен байланыстарын жүйелі түрде нығайтуда, өйткені біз олардан жоғары қосымша құнды технологиялық өндірістер жасаудың тәжірибесін алып отырмыз.

Тарихи дамудың себептеріне байланысты біз Түркиямен және Таяу Шығыстың басқа да жетекші елдерімен, мұсылман әлемімен қарым-қатынастарды дамытуға мүдделіміз, өйткені біз де осы мәдениетке жатамыз.

Қазақстан (ЕҚЫҰ) ОБСЕ-мен өзара әрекеттестікті нығайтуды қалайды.



**ТМД  
ҚАЗАҚСТАН  
ӘЗІРБАЙЖАН  
АРМЕНИЯ  
БЕЛАРУСЬ  
ГРУЗИЯ  
ҚЫРҒЫЗСТАН  
МОЛДОВА  
РЕСЕЙ  
ТӘЖІКСТАН  
ТҮРІКМЕНСТАН  
ӨЗБЕКСТАН  
УКРАИНА**



түстігінде Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде Түрікменстанмен, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен, ал шығысында Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Каспий теңізінің акваториясында Қазақстан мен Әзірбайжанның теңіз шекаралары түйеседі. Қазақстан жер аумағының көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында. Климаты тез құбылмалы.

Қазақтар ханифат мазхабының сунниттік бағыттағы ислам дініне сенеді. Елдің оңтүстігіндегі Түркістан қаласы ең танымал дін орталығы болып саналады. Қазақстанның оңтүстік бөлігінде сопылық кең тараған, оның ішінде сопылық тарикат ордені түрінде.

2003 жылдың басындағы мәліметтер бойынша Қазақстанда 62 конфессияға жататын әртүрлі діни бірлестіктер (қауымдар) әрекет етеді. Оның 65%-ы (1652) мұсылман қауымдары.

Халықтың дінге сенетіндерінің құрамы мынадай: мұсылмандар — 70%-ға жуық, православиеліктер — 28%, католиктер — 1%, протестанттар — 0,5%, басқа діндегілер — 1%-дан аз. Әлеуметтік зерттеу дінге сенетіндер жалпы халықтың 60-тан 70%-ға дейінгі бөлігін құрайтынын анықтап отыр.

Қазақстанда Ислам университеті жұмыс істейді. Меркеде, Луговое ауылында, Таразда, Шымкентте және Алматыда ашылған медреселер мұсылмандық орта білім береді. Көптеген мешіттер жанынан діни бастауыш білім беретін курстар ашылған.

Қазақстанның мұсылман қауымдары 1990 жылдың қаңтар айына дейін Ташкенттегі Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының басқармасына бағынышты болды. Кейін Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасы (ҚМДБ) құрылды. Қазір оны муфтий Әбсаттар Қажы Дербісәлі басқарады. Қазақстанда 5000-нан астам мешіт бар.

Мәскеу патриархатының орыс православиелік шіркеуінің 1991 жылдан

бастап Қазақстанда үш епархиясы бар: Астана — Алматы, Шымкент және Орал епархиялары. Орыс православиелік шіркеуі (РПЦ) Алматы епархиялық діни училищесінде шіркеу кадрларын дайындайды.

1991 ж. Ватикан Қазақстанда католик епископатын құру туралы шешім қабылдады.

## ТАРИХЫ

Қазақстан территориясынан табылған археологиялық жәдігерлер бұл жерде жарты миллион жыл бұрын адамдар өмір сүргенін дәлелдеп отыр. Сондай-ақ мыс дәуіріне (андроновтың мәдениеті) жататын ондаған қорымдар табылды.

Біздің дәуірге дейінгі VI ғасырда Қазақстан территориясында Ахеменидтер және Александр Македонский (Ескендір Зұлхарнай) әулеттерінің патшаларымен соғысып өткен сақтар көшпелі өмір сүрген. Алматының іргесінен б.д. дейінгі IV—III ғасырларға жататын сақ қорғанынан “Алтын адам” табылды. Б.д.д. II ғасырда Орталық Азияның шалғай аудандарынан Жетісуға келген көшпенділер — үйсін ұлыстары сақтарды бағындырды. Үйсіндер негізінен Іле жоталары аумағына орналасты, ал олардың астанасы Ыстықкөлдің жағасында болды. Үйсіндер темір балқытуды білетін, ал олардың рулық қоғамы бұған дейін текті ақ сүйектерге, діни абыздарға, жасақшыларға және қатардағы қарапайым малшы-жалшыларға бөлініп үлгерген-ді.

Жаңа дәуірдің басынан бастап қазіргі Қазақстанның территориясында ұзақ уақыт бойы көптеген халықтар мен мемлекеттік құрылымдар кезек-кезек алмасып отырды. Сөйтіп, шығыстан келген бір көшпелі халық екінші халықты ығыстырып, жаулап алып және ассимиляцияға ұшыратып отырды. Осылайша Қазақстан аумағында қаңлылар өркениетін хұндар дәуірі алмастырды. Бұл

процесс, әсіресе, Моңғолияның солтүстік батысындағы солтүстік хұндар әміршісі Чжичжидің ордасын қытайлар тас-талқан етіп жеңген соң күшейді. Біздің дәуірдің 93 ж. басталған хұндардың экспансиялық екінші толқыны олардың Қазақстанның Сырдария, Арал, Орталық және Батыс аймақтарын жаулап алуымен аяқталды.

Біздің дәуіріміздің VI ғасырының ортасынан бастап көшпенді түркілердің жаңа толқыны Моңғолиядан Қырымға дейінгі орасан кең аумақта прото-мемлекеттік ежелгі ортағасырлық көшпелі құрылым — Түрік қағанатын құруға әкелді. Түріктің атты әскері Қытай аумағындағы солтүстік мемлекеттермен және Орта Шығыстағы эфталиттармен соғыста едәуір жеңістерге қол жеткізді. Түрік қағандары Ирандық және Сасанидті Византия императоры Юстиниан II-ні одақ ретінде пайдалануға тырысты. Бірақ 603 жылы Түрік қағанаты Батыс және Шығыс қағанаттары болып екіге бөлініп кетті.

Батыс Түрік қағанатын 751 ж. жаңа көшпенділер — карлұқтар жаулап алды. Өз кезегінде оларды 340 ж. түркілер династиясына жататын Қараханидтер бағындырды. Біздің дәуіріміздің VIII ғасырынан бастап Орта Азия мен Қазақстанды арабтар жаулап алуға әрекет жасайды. Бірақ арабтар 751 жылы Тараз түбінде қытайларды талқандаған соң, Аббасид халифатының құрамына кірген Оңтүстік Қазақстан аумағында уақытша тұрақтап қалды.

XI ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан даласында өз құрамына ежелден осында тұратын ұлыстарды біріктірген қыпшақтар бас көтере бастады. Бірақ негізінен мал өсіруді кәсіп қылған қыпшақтар жаңа келімсектер — кидандар мен моңғолдардың әскери қысымына төтеп бере алмады.

1218 жылдан Қазақстан мен Орта Азияны моңғолдардың жаулап алу жорықтары басталды. Ол 1224 жылы аяқ-

талды. 1260 ж. Шыңғысхан империясының моңғол ақсүйектері басқарған ұлыстар мен хандықтарға бөлініп, бөлшектеніп кетуі Қазақстан даласында көшпелі қазақ рулары мен жүздерінің бірте-бірте этнотерриториялық бірлестіктер құруына қолайлы жағдай тудырды. Мұнда үш ірі тайпалық одақ — қазақтың Ұлы, Орта және Кіші жүздері пайда болды.

XV ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ хандығы құрылды деп айтуға болады. Жәнібек хан мен Керей хан өздеріне сенген, сондарынан ерген руларды Шу мен Талас өзендерінің бойына қоныстандырып, Қазақ хандығы деп аталатын (шамамен 1459—1465 жылдары) — өздерінің жеке иеліктерін құрады. Көшпелі-қазақтардың ру басылары Орта Азия территориясындағы мемлекеттермен саяси күреске түсті. Қазақ ханы Қасым Орта Азияның билеушісі Мұхаммед Шейбаниді жеңіп, XVI ғасырдың басында Түркістанның бірқатар қалаларын басып алды. Сөйтіп оларды өз хандығының саяси орталығына айналдырды.

Алайда қазақ хандары мықты мемлекет құра алмады. Олардың билігін ішкі алауыздық пен көршілермен ұдайы жанжалдасуы әлсіретіп отырды. Қазақтар ноғайлармен, башқұрттармен, Волга қалмақтарымен ұдайы соғысумен болды. Қазақтар үшін басты сыртқы қауіп — Жоңғар хандығына біріккен батыс моңғол тайпасы — жоңғарлар болды. Жоңғарлардың шапқыншылығы XVII ғасырдың соңынан бастап күшейді. Ақыр аяғында қазақ ханы Тәуке 1686—1693 жылдары өзінің бес елшісін Ресейге байланыс орнату ұсынысымен жібереді және Ресейден көмек сұрайды. 1717 жылы қазақтардың әскері Аягөз өзенінің бойында жоңғарлардан жеңіліске ұшырайды. Ал 1723 жылы жоңғарлар қазақтардың бәрін аяусыз қырғынға ұшыратып, қазақ даласына тереңдеп ене бастайды. Бұл кезең қазақ эпосында

“Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” деген атаумен қалды. Дегенмен қазақ рулары басқыншылармен қарсыласуға күш тауып, тіпті бірқатар жеңістерге де қол жеткізе алды. Алғашқы жеңістерден кейін-ақ рулар арасында билікке талас қайта өршіді. Осындай талас-тартыстың нәтижесінде Кіші жүздің ханы Әбілқайыр өз туыстарымен бірге Ресей шекарасына қарай көшеді және 1731 жылы Ресей империясының қоластына кіреді. Сәл кейінірек Орта жүз бен Ұлы жүз де Ресейге қосылды.

XX ғасырдың басында Қазақстанда либеральды ниеттегі зиялылардың басшылығымен “Алаш” қозғалысы пайда болды. 1917 жылдың соңында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының сайлауында “Алаш” халықтың көпшілік дауысына ие болды. Азамат соғысы жылдары “Алаш” антибольшевиктік күштер жағында майданға араласып, жеңіліске ұшырады.

1920 жылғы 26 тамызда РСФСР құрамында Қырғыз Автономиялық ССР құрылды. 1925 жылғы 19 сәуірде республика атауы Қырғыз АССР-нан Қазақ АССР-ы болып өзгертілді. 1936 жылы Қазақ АССР-ы СССР-дың құрамына кірді.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Декларация қабылданды.

Қазақстан — президенттік жолмен басқарылатын унитарлы республика. Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған. Қазіргі қолданыстағы Конституция 1995 жылдың 30 тамызындағы референдумда қабылданды, 1998 жылғы 30 қыркүйекте оған өзгертулер енгізілді.

Қазақстанның мемлекеттік органдарының жүйесінде басты орын тікелей сайлауда жасырын дауыс беру жолымен 7 жылдық мерзімге сайланған Прези-

дентке тиесілі. Мемлекет басшысы мемлекеттік ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды, ел ішінде де, халықаралық аренада да Қазақстан атынан сөйлейді. Конституция оған мемлекеттік биліктің барлық буындарының келісімімен жұмыс істеуін және барлық билік органдарының халық алдында жауаптылығын қамтамасыз етуді міндеттейді. Отыз бес жастан асқан мемлекеттік тілді еркін меңгерген және Қазақстанда 15 жылдан астам уақыт тұратын тек Қазақстан азаматы ғана Президент бола алады. Президент өзінің өкілеттігі бар кезінде саяси партияға мүшелігін тоқтатуға міндетті.

Президент жыл сайын елдегі жағдай туралы және ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары жөнінде халыққа жолдау арнауға; парламентке кезекті және кезексіз сайлау тағайындауға; парламенттің бірінші сессиясын шақыруға; парламент палаталарының кезексіз бірлескен мәжілісін шақыруға; 15 жұмыс күні ішінде Сенат ұсынған заңға қол қоюға, заңды жариялауға немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылауға кері қайтаруға және парламентте дауыс беруге; премьер-министрді тағайындауға және орнынан босатуға; премьер-министрдің ұсынысымен үкіметтің құрылымын анықтауға, оның мүшелерін тағайындауға және босатуға, сонымен бірге үкіметтің құрамына кірмейтін республиканың орталық атқарушы органдарын құруға, таратуға және қайта құруға, ерекше маңызды мәселелерді қараған үкіметтік мәжілістерге төрағалық етуге; үкіметке заң жобаларын мәжіліске (парламенттің төменгі палатасы) шығаруға тапсырма беруге; үкіметтің және облыстардың (атқарушы биліктің басшылары), республикалық маңызы бар қалалардың және Астана әкімдері актілерінің орындалуын толық немесе ішінара тоқтатуға; парламенттің келісімімен Ұлттық Банктің төрағасын қызметке тағайындауға және оны қызметінен

босатуға; Сенаттың келісімімен Бас прокурор мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауға және оларды қызметінен босатуға; Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындауға және кері шақырып алуға; республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің Төрағасын қызметке тағайындауға; мемлекеттік бағдарламаны бекітуге; мемлекеттік бюджеттегі барлық органдардың қызметшілеріне ақы төлеу мен қаржыландырудың біртұтас жүйесін бекітуге; республикалық референдум өткізуге шешім қабылдауға; келіссөздер жүргізуге және халықаралық шарттарға қол қоюға; ратификациялық грамоталарға қол қоюға; шет мемлекеттердің дипломатиялық сенім және кері шақырып алу грамоталарын қабылдауға өкілетті. Президент Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы, қарулы күштердің жоғары лауазымдық қолбасшылық қызметтеріне тағайындайды және босата алады; мемлекеттік сыйлықтармен марапаттайды, құрметті, жоғары әскери және басқа атақтар мен сыныптық дәрежелер, дипломатиялық шендер белгілерін тапсырады және т.б.; азаматтық және саяси баспана беру мәселелерін шешеді; рақымшылық жасайды; Конституция мен Қазақстан заңнамаларына сәйкес төтенше жағдай енгізу туралы шешім қабылдай алады; Конституцияға сәйкес әскери жағдай енгізуді және жарым-жартылай не жаппай мобилизация жариялайды; Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы қызметіне тағайындайды және босатады, президент әкімшілігін, қауіпсіздік кеңесін, жоғары сот кеңесін және басқа да консультативтік — кеңесші органдарды жасақтайды.

1995 жылдан өкілеттік орган — Қазақстан парламенті қос палаталы. Олар Сенат және Мәжіліс деп аталады.

Парламенттің жоғары палатасы — Сенат. Сенаторларды жанама дауыс беру

негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың немесе астананың депутаттары сайлайды, ал жеті сенаторды президент тағайындайды.

Қазақстан Парламентінің төменгі палатасы — Мәжіліс. 67 депутаттан тұрады. Олар мажоритарлық жүйемен сайланады және 10 депутат мемлекеттік партиялық тізім бойынша сайланады.

Парламент конституциялық және әдеттегі заңдарды қабылдайды; республикалық бюджетті, үкіметтің және республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің есебін бекітеді; Президенттің Қазақстан Премьер-Министрін және Ұлттық банктің төрағасын тағайындауына келісім береді; Премьер-Министрдің үкіметтің бағдарламасы туралы баяндамасын тыңдап, оны мақұлдайды немесе қабылдамайды; әрбір палата депутаттарының жалпы санының 2/3 көпшілік сенімсіздік вотумын білдіре алады; соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешеді; Қазақстанның қарулы күштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану жөніндегі президенттің ұсынысын қабылдайды; Конституциялық Кеңестің Қазақстанда конституциялық заңдылықтардың жағдайы туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды; палаталардың бірлескен комиссияларын жасақтайды және комиссиялардың қызметі туралы есептерін тыңдайды.

Бірқатар мәселелер тікелей Сенаттың қарауына жатады. Атап айтқанда, олар мыналар: президенттің ұсынысымен Жоғарғы Соттың төрағасын, Жоғарғы сот коллегиясының төрағасы мен судьяларын сайлап және босата алады; президенттің Бас прокурор мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын тағайындауына келісім береді, Бас прокурор, Жоғарғы соттың төрағасы мен судьяларын тәуелсіздігінен айырады; жергілікті өкілетті органдардың өкілдігін мезгілінен бұрын тоқтатуды; екі депутатты Жоғарғы

Сот кеңесінің құрамына сайлай алады; Мәжілістің президентті қызметінен кетіру жөнінде көтерген мәселесін қарайды.

Мәжілістің тікелей қарауына берілген мәселелер мыналар: заң жобаларын талқылау; парламент қабылдаған заңдарға президенттің келіспеушілігі жөніндегі ұсыныстарын дайындау; Орталық сайлау комиссиясының төрағасын, төрағаның орынбасарын, хатшысын және мүшелерін сайлау мен босату; кезекті президенттік сайлауды хабарлау; екі депутатты юстицияның квалификация коллегиясының құрамына жібереді, президентке қарсы мемлекеттік сатқындық жасағандығы туралы айып таға алады.

Үкімет атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесіне және олардың жұмысына басшылық жасайды. Үкіметті президент жасақтайды және оның алдында жауапты.

Үкімет мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық негізгі бағыттарын белгілейді және оның қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігі мәселелерін жүзеге асырады; қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді; парламенттің қарауына республика бюджетін және оның орындалуы жөніндегі есепті ұсынады; Мәжіліске заңдардың жобаларын ұсынады және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді; мемлекеттің меншігін басқаруды ұйымдастырады; Қазақстанның сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар қабылдайды; министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды; министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың актілерінің қолданысын өзгертеді немесе тоқтатады (толық немесе ішінара); Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын тағайындайды және қызметтерінен босатады.

1990 жылдың 24 сәуірінен бастап Қазақстанның Президенті — Н.Ә.Назарбаев.

Қазақстан — ТМД-ға (Достастықты құру туралы Хаттама мен Алматы декларациясына 1991 ж. 21 желтоқсанда қол қойылған), ЕврАзЭС-ке (2000 ж. құрылған сәттен бастап), ОДКБ-ға (1992 ж. 15 мамырда ДБК құрылған сәттен) ШОС-қа (1956 ж. “Шаңхай бестігі” құрылған сәттен) мүше. Азия даму банкіне (1994 ж. қаңтардан), Еуропалық реконструкция және даму банкіне (1992 жылдан), Ислам даму банкіне, Ислам конференциясы ұйымына, ОБСЕ (ЕҚЫҰ), Экономикалық ынтымақтастық ұйымына (1992 ж. қараша айынан) кіреді.

1992 жылдан Солтүстік атлантикалық ынтымақтастық Кеңесіне, 1997 жылдан Солтүстік атлантикалық әріптестік Кеңесі — СЕАП) мүше, 1994 ж. 27 мамырынан НАТО-ның “Бейбітшілік үшін әріптестік” бағдарламасының мүшесі.

1992 ж. 25 мамырда Ресеймен достық, қарым-қатынас және өзара көмек туралы Шартқа; 1998 ж. 6 маусымда ХХІ ғасырға үнделген мәңгілік достық пен одақтастық туралы Декларацияға қол қойылған.

## ЭКОНОМИКАСЫ

Ұлттық статистикалық агенттіктің мәліметі бойынша, 2005 ж. Ішкі жалпы өнім өсімі (ВВП) 9,4%-ды құрады, өнім өндіру көлемі өнеркәсіпте — 4,6%-ға, ауыл шаруашылығында — 6,7 %-ға, құрылыста — 34%-ға, транспортта — 4,8%-ға, байланыс жүйесінде — 27,7%-ға, саудада — 12,4%-ға көбейді.

2005 ж. өнеркәсіп өндірісін дамыту қарқынында біршама төмендеу байқалды. Егерде 2001—2004 ж.ж. бұл салада орташа жылдық өсім 10,4%-ды құраған болса, ол көрсеткіш 2005 ж. 2,3 есеге (4,6%) төмендеді.

Өнім өндіру металлургия, химия

саларында, мұнай, көмір және рудалар өндіруде қысқарды.

Мұнайгаз секторының ішкі жалпы өнім өндіру ІЖӨ (ВВП) өсімін қамтамасыз ету үлесі 2001 жылы 25,4% болса, 2005 ж. 49,5%-ды құрады. 2005 ж. Қазақстанда 61,9 млн. тонна мұнай және 25,2 млрд. текшеметр табиғи газ өндірілді.

2005 ж. жиналған астық 13,8 млн. тоннаны құрады, сүт өндіру — 4713 мың тонна, ет тірідей салмақпен — 1373 мың тонна, жұмыртқа — 2500 млн. дана болды.

Ірі қараның саны 5440 мың басты, қой мен ешкі — 14275 мың басты құрады.

Негізгі капиталға инвестициялар салу өсімі 2005 жылы 22%-ды құрады. Орташа жалақы айына 33 807 теңге болды.

## БІЛІМ

Орта жалпы білім беретін оқу орындарының саны — 8200; оларда оқитындардың саны — 2 млн. 825 мың (2005 жылдың мәліметтері). Мемлекеттік емес жалпы білім беретін мектептердің саны — 140, оларда оқитындардың саны — 18,1 мың. Гимназиялардың саны — 91 және көптеген лицейлер бар. Олардың әрқайсысында оқитындардың саны тиісінше — 62,4 мың және 52,9 мың. Орта арнаулы оқу орындарының саны — 415, олардың ішінде мемлекеттік — 177, жекеменшіктік — 238. Оқитындардың саны — 397,6 мың (211,4 мыңы мемлекеттік оқу орындарында және 186,2 мыңы жекеменшіктік оқу орындарында).

Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны — Қазақтың педагогикалық институты. Ол 1928 жылы Алматыда ашылған.

XX ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында республикада 55 жоғары оқу орны жұмыс істеді және оларда 280 мың

студент оқыды. Бүгінде Қазақстанда 51 мемлекеттік және көптеген мемлекеттік емес жоғары оқу орындары бар. Оларда 775,8 мың студент оқып жүр (396,8 мыңы мемлекеттік және 379 мың студент жекеменшіктік жоғары оқу орындарында оқиды). Әрбір 10 мың тұрғынға 512 студенттен келеді. Қазақстанның жетекші оқу орындарына мыналар жатады: Қазақтың әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті; Қазақтың Ұлттық аграрлық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті, Қазақтың Қ.И. Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университеті, Қазақтың С.Д. Асфендияров атындағы Ұлттық медициналық университеті, Қазақтың Т.К. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясы, Қазақтың Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваториясы; Қазақтың Ұлттық музыка академиясы, Атырау мұнай және газ институты. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақтың мемлекеттік заң академиясы. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

## ТАРИХИ-АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Мыңдаған жылдар бойы Қазақстан территориясы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы Қытаймен, Үндістан және Еуропамен арада сауда мен мәдени байланыстарды жүзеге асырды. Ұлы Жібек жолының бойында өркениеттің ошақтары — әртүрлі қалалар пайда болды. Олардың бірқатары — Қазақстан қалалары: Отырар, Тараз, Түркістан, Талхир (Талғар).

Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 км жерде, Ақшолақ станциясына жақын Ақыртастың қирандылары сақталған — тікбұрышты түріндегі ежелгі құрылыс алаңының көлемі шамамен 200 метр.



Мықты 25 колоннаның негізі және олардан бөлек күрделі дәліздік есіктер жүйесімен қосылған 100-ге жуық бөлмелер сақталған, сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 5 метрге жетеді.

Ортағасырлық мәдениеттің ескерткіші ретінде ежелгі Түркістан (бұрынғы атауы — Йасы) қаласын атауға болады. Оның берік етіліп соғылған цитаделінің айналасында тұрғын үйлер орналасқан. Бұл құрылыстардың бәрі де шикі кірпіштермен қаланған қорған қабырғалар арқылы үлкен қақпамен және күмбезді мұнаралармен жалғасып жатыр. Түркістан әлемге абыз-діндер ғұлама, ақын Қожа Ахмет Иасауи (XIV ғасырдың соңы, XV ғасырдың басы) жатқан мавзолейімен әйгілі болған.

Алғашқы мавзолей толық сақталмаған соң, Темірдің бұйрығымен оның орнына жаңасы тұрғызылды. Бүгінде ол қайта жөндеуден өткен. Дәруіштік орденнің негізін салушы (1103—1166 ж.ж.) Иасауи (Хазірет-Сұлтан-әл-Арифина) кесенесі — Орталық Азия түріктерінің ортасында мұсылмандардың зиярат жасайтын киелі орнына айналған.

Ортағасырлық сәулеттік ескерткіштерге Сығанақ пен Сауран кешендері, Жәнібек пен Қасымның Сарайшықтағы, Қазанғаптың Ұлытаудағы кесенелері, Маңғыстау түбегіндегі және Қаратау етегіндегі мазарлар жатады.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы ескерткіштерге Алматы және басқа қалалардағы көптеген ғимараттар жатады.



## ӘЗІРБАЙЖАН

*Ресми атауы* — Әзірбайжан Республикасы.

*Астанасы* — Баку (1,8 млн. адам).

*Территориясы* — 86,6 мың шаршы км. Закавказьенің шығыс бөлігінде орналасқан. Ресей Федерациясымен, Грузиямен, Армениямен, Түркиямен және Иранмен шектеседі. Каспий теңізімен ұласады.

*Елдің ірі қалалары:* Гянджа (301 мың адам), Сумгаит (257 мың адам), Ленкорань (194 мың адам), Хамчаз (148 мың адам), Губа (140 мың адам), Мингечаур (95 мың адам).

*Халқы* — 8,2 млн. адам.

*Этникалық құрамы:* Әзірбайжандықтар (90,6%), лезгиндер (2,2%), орыстар ((1,8%), тальштар (1%), аварлықтар (0,6%), түріктер (0,5%), татарлар (0,4%), таттар, грузиндер, украиндықтар, удиндер және т.б. (2,9%).

*Діні* — шиит бағытындағы ислам, православиелік христиандар, иудаизм және басқа конфессиялар (5%).

*Мемлекеттік тілі* — әзірбайжан тілі.

*Ұлттық мерекелер* — Мемлекеттік тәуелсіздік күні (18 қазан), Республика күні (25 мамыр).

*Ұлттық ақшасы* — манат.

*Әкімшілік-территориялық бөлінуі.* Әзірбайжан Республикасының құрамына 65 аудан, 69 қала, 4354 селолық елді мекен, сондай-ақ бір автономиялық құрылым — Нахичевань Автономиялық Республикасы кіреді. Ол оңтүстік-батыс Әзірбайжаннан тарихи Зангезур облысымен (Арменияның территориясы) және Таулы Карабахпен толық оқшауланған.

*Мемлекеттік құрылысы.* Мемлекет басшысы — ашық және жасырын дауыспен 5 жылға сайланатын президент. Әзірбайжан Конституциясы бойынша президент лауазымына екі рет сайлануға құқық беріледі.

*Атқарушы билік.* Әр үкімет басшысы — Милли Меджлистің (Парламенттің) келісімімен президент тағайындайтын Премьер-министр.

*Заң шығарушы орган.* 125 депутаттан тұратын бір палаталы Милли Меджлис. Ол мажоритарлық сайлау жүйесі негізінде жалпыға бірдей тең және тікелей жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Милли Меджлистің қазіргі құрамы 2000 жылдың 5 қарашасында сайланған.

*Саяси партиялары:*

“Ени Азербайджан” (“Новый Азербайджан”) — билеуші, өкіметтік партия.

Негізі 1993 жылы қаланған (құрамында 200 мыңнан артық адам бар).

“Мусават” (“Равенство”) — аса ірі оппозициялық партия. Оның негізі өткен ғасырдың басында қаланып, 1918—1920 жылдары Әзірбайжандағы тәуелсіз республика кезеңінде көрнекті рөл атқарды (саны 30 мың адам шамасы).

Әзірбайжан Халық майданы партиясы (ПНФА) — оппозициялық партия. Әзірбайжандағы бірінші антикоммунистік ұйымнан 1995 жылы қайта құрылған.

Әзірбайжан демократиялық партиясының (ДПА) негізі 1992 жылы қаланған, Әзірбайжан либеральдық партиясы (ЛПА) 1995 жылы құрылған.

Әзірбайжан ұлттық тәуелсіздік партиясының (ПННА) негізі 1992 жылы қаланған.

Азаматтық бірлік партиясы (АБП) 1992 жылы құрылған. 5 мыңдай мүшесі бар.

*Экономика.* Әзірбайжан басшылығының экономикалық саясаты халықаралық валюта қоры (МВФ), Әлемдік банк, Европа даму банкі (ЕБРР) және басқа да халықаралық қаржы-кредит ұйымдарының бағдарламаларына сәйкес құрылған.

Республика мемлекеттік статистика басқармасының мәліметі бойынша 2005 жылы Әзірбайжанда ішкі жалпы өнім өндіру (ВВН) 12,5 млрд. долларды құрады. Бұл 2004 жылғы өнімнен 26,4% артық. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 1517 долларды құрады.

Ішкі жалпы өнім өндіру (ВВП) өнеркәсіпте — 47,5%, ауыл шаруашылығында — 9,2%, құрылыс секторында — 1%, транспортта — 5,8%, байланыс секторында — 2,3%, көтерме және бөлшек саудада — 6,3%, әлеуметтік қызмет көрсетуде — 10,6% болды.

Ішкі жалпы өнімнің өсуінің нақты қарқынды болуы бірінші кезекте мұнай өндірудің ұлғаюымен және оны сыртқа шығарумен, сондай-ақ халықаралық мұнай нарығында қолайлы конъюктураның болуымен байланысты еді.

Мұнай-газ секторы — Әзірбайжанда экономиканың аса бір дамыған саласы. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі мұнай өндірудегі құлдырау 1997 жылы шетелдік компаниялармен бірлесіп жасаған жобаларды іске асыра бастау нәтижесінде қайтадан өрлеумен алмасты.

2005 жылы өндірілген мұнайдың жалпы көлемі 22,16 млн. тоннаны құрады. “Азери-Чыраг-Гюнешли” (АЧГ) теңіз блогының кен орындарын игеріп жатқан Әзірбайжан халықаралық операциялық компаниясының (АМОК-тың) өнімі 13,193 млн. тонна болды. Бұл 2004 жылғыдан 6,625 млн. тонна артық. “Чыраг” кен орнынан алған өнім 7,083 млн. тоннаны құрады да, 2004 жылмен салыстырғанда 515 мың тонна көп артық болды. “Азери” кен орнынан өндірілген мұнай 6,11 млн. тоннаны құрады. Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы (ГНКАР) 8,967 млн. тонна өндірді. Бұл 2004 жылға қарағанда 9 млн. тонна артық.

2005 жылы Әзірбайжанда 5,818 млрд. м<sup>3</sup> шаршы метр газ өндірілді. 2004 жылмен салыстырсақ бұл 812,1 млн. м<sup>3</sup> артық және жоспарлы көрсеткіштерден 12,1% көп еді. Сонымен қоса өндірілген газ көлемінің жалпы өсуіне қарамай, ГНКАР өнімі құлдырап, 51,7 млн. м<sup>3</sup>-ге төмендеді де жыл қорытындысында 3,824 млрд. м<sup>3</sup>-ді құрады. Газ өндірудің өсіміне АМОК-тың “Азери” теңіз кен орнынан өндірген көмірсутегінің, сондай-ақ “Чыраг” кен орнындағы қосалқы газды қайта өңдеуді оңтайландырудың есебінен қол жетті.

Әзірбайжанда дәнді дақылдар өндіру 2,1 млн. тоннаны құрады. Бұл — әр гектардан орта есеппен 26,5 центнер дән жиналды деген сөз. Мақта өндіру көлемі 197 мың тонна болды. Картофель өндіру соңғы жылдары рекордтық деңгейге жетіп, 1,8 млн. тоннаны құрады. Көкөніс пен бақша дақылдарының өнімдері 1,49 млн. тонна, жеміс 625 мың тонна болды. Мал шаруашылығында ет өндіру 263 мың тоннаға жетті. 1,25 млн. тонна сүт пен 874 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2005 жылы Әзірбайжанның сыртқы сауда айналымы 85 млрд. долларды құрады (сыртқа (экспорт) шығару — 4,3 млрд. доллар, ішке (импорт тасу) — 4,2 млрд. доллар). 2004 жылмен салыстырғанда сауда айналымы 19,9%-ға өсті (ішке импорт тасу — 19,5%-ға, сыртқа шығару — 20,2% өсті.)

Экспорттық-импорттық операциялардың 38,3%-ы Еуропа Одағы елдерімен, 27,5%-ы ТМД елдерімен жүргізілді. Тауар айналымының 80%-ын Италиямен, Ресеймен, Түркиямен, Франциямен, Түрікменстанмен, Сингапурмен, Ұлыбританиямен, Германиямен, Қытаймен, Украинамен, Грузиямен, Иранмен, Израильмен, АҚШ-пен және Хорватиямен жасалған экспорттық-импорттық операциялар құрады.

Импорттың негізгі статьялары: астық, өсімдік майы, құс еті, мал майы, шай, күріш, бидай ұны, қант, цемент, болат прокаты, мұнай және газ өнеркәсібі үшін трубалар, қара металл прокаты мен арматура, жеңіл автомобильдер, машиналар мен механизмдер, электротехникалық жабдық, әуе және теңіз транспорт құралдары, химия өнеркәсібінің өнімі.

Экспорттың негізгі үлесін мұнай және мұнай өнімдері құрады (барлық экспорттың 85%-ы). Сондай-ақ сыртқа шарап пен ликер-арақ өнімдері, темекі, глинозем, полиэтилен, мақта талшығы, қант қызылшасы шығарылады.

Әзірбайжан тікелей шетел инвестицияларын тартуда ТМД елдерінің ішінде алдыңғы орындардың бірін алады (22 млрд. долларға жуық).

## ҚАЗАҚСТАН — ӘЗІРБАЙЖАН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

1992 жылдың 27 тамызында дипломатиялық қарым-қатынастар орнады. Әзірбайжан Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылды. 2004 жылдың 1 наурызы — Әзірбайжан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің ашылу күні.

*Саяси қарым-қатынастар.* Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында конструктивті саяси диалог орнатылған, екі елдің өзара қарым-қатынастары өз мүдделерімен халықаралық саясатқа сай келетін позицияларының жақындығымен сипатталады. Жоғарғы деңгейде тұрақты кездесулер өткізіледі.

Қазақстан — Әзірбайжан қарым-қатынастарының дамуына 2004 жылдың наурызында Астанаға Әзірбайжан Республикасының президенті И. Әлиевтің сапары жаңа импульс берді. Сапар барысында бірнеше негізгі құжатқа қол қойылды. Мұндай құжаттардың саны 70-тен астам.

2005 жылдың 24 мамырында Әзірбайжан Республикасына Президент Н.Назарбаев мемлекеттік сапар шекті. Мемлекет басшысы Әзірбайжан Президенті И. Әлиевпен және Премьер-министр А.Расизадемен кездесті.

Келіссөздер барысында екі елдің басшылары екі жақты қарым-қатынастың сапар алдындағы Қазақстан — Әзірбайжан экономикалық ынтымақтастығы үкіметаралық комиссиясы үшінші отырысының қорытындылары мен ұсыныстарын талқылады.

Мемлекеттердің басшылары екі жақты экономикалық қатынастар мен товар айналымы өсуінің даму қарқынына оң баға берді. Екі жақты үкіметаралық комиссия (МПК) мен Қазақстан — Әзірбайжан біріккен кәсіпорындарының қызметін ерекше атап өтті.

Өңгіменің негізгі тақырыбы транспорт пен мұнай-газ кешені саласында қоян-қолтық жұмыс істеу болды. Президенттер мұнай-газ жабдықтарын шығаратын, химиялық өнім беретін өндірістер мен кәсіпорындар салу, сұйытылған газды әлемдік рыноктарға шығару үшін оны қайта өңдеу мен тасымалдауға өздерінің мүдделі екендіктерін білдірді.

Тараптар сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласында да, атап айтқанда, астық және басқа да Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдерін Әзірбайжанға

сатуды жандандыруға мүдделі екенін растады.

Экономикалық мәселелерден басқа тараптар аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, келісім-құқықтық базаны кеңейту, туризм мен жастар саясаты саласында қатынастарды дамыту қажеттілігіне көңіл аударды.

Келіссөздер екі жақты құжаттарға, олардың ішінде Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан арасындағы стратегиялық серіктестік және одақтастық қарым-қатынастар туралы келісімшартқа президенттердің қол қою рәсімімен аяқталды.

Сондай-ақ туризм саласында, терроризммен күрес, наркотиктермен және психотроптық заттармен, прекурсормен заңсыз сауда жасаумен күрес туралы үкіметаралық келісімдерге, екі мемлекеттің еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің еңбек, еңбекпен қамту мәселелері, 1997 жылдың 10 маусымында қол қойылған үкіметаралық мұнай өндіретін машина жасау туралы келісімнің негізгі принциптеріне өзгеріс енгізу Хаттамасына, ҚР мен ӘР үкіметтерінің еркін саудаға көшуі туралы Келісімдерге қол қойылды.

2006 жылдың 11 қаңтарындағы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың инаугурациясына басқа қонақтармен бірге Әзірбайжан Премьер-Министрі Артур Расизаде де қатысты.

Осы жылдың 25 мамырында ҚР Мемлекет басшысы Баку — Тбилиси — Джейхан негізгі экспорттық мұнай құбырының Әзірбайжандық учаскесін пайдалануға беру салтанатты рәсіміне қатысты.

Аймақтағы энергетикалық жобалардың дамуына өзінің дайын екенін білдіре отырып, Қазақстан тарабы шығыс-батыс энергетикалық транспорттық коридорын дамыту мен кеңейту туралы бес жақты (Әзірбайжан, Грузия, Түркия, АҚШ) Баку декларациясына қол қойды.

*Сауда-экономикалық ынтымақтастық.* ҚР статистика агенттігінің мәліметтері бойынша Қазақстан мен

Әзірбайжан арасындағы сауда айналымы 2005 жылы 150,4 млн. долларға жетті (қазақстандық экспорт — 129,1 млн. доллар, импорт — 21,3 млн. доллар). 2004 жылы ол 303,2 млн. долларды құрады (қазақстандық экспорт — 287,1 млн. доллар, импорт — 16,1 млн. доллар).

Қазақстаннан Әзірбайжанға астық, темекі өнімдері, электр жабдығы, көміртекті болат прокаты, мұнай және көмірсутектері, табиғи химиялық қосылыстар экспортқа шығарылады.

Әзірбайжаннан Қазақстанға битумдық материалдардан алынған мұнай өнімдері, этилен полимерлері, машиналар мен механизмдерді жинақтайтын бөлшектер, насостар мен сұйықтықтарды жоғары көтеретін құралдар, құрама құрылыс материалдары тасымалданады.

Қазақстанда әзірбайжандық кәсіпкерлердің қатысуымен құрылған 49 кіші кәсіпорын тіркелген. Кәсіпорындар Астанада (6), Алматы қаласында (2) және Ақтөбе (4), Атырау (2), Батыс Қазақстан (1), Қарағанды (3), Қостанай (1), Маңғыстау (5), Павлодар (1), Солтүстік Қазақстан (4), Оңтүстік Қазақстан (1) облыстарында орналасқан. Негізінен кәсіпорындар көтерме сауда саласында әртүрлі жұмыстармен айналысады. Олар: азаматтық инженерлік құрылыстар салу, кемелер жөндеу, астықпен, дақылдар тұқымымен, мал жемдерімен көтерме сауда жасау; сағаттармен зергерлік бұйымдармен бөлшек сауда жасау; астықтан басқа барлық тауар түрлерін сақтау мен қоймаға қою; химиялық заттар мен химиялық өнімдердің көтерме саудасы.

*Мәдениеттік ынтымақтастық.* 2005 жылдың 17 наурызында ҚР мен ӘР үкіметтері арасындағы мәдениет, ғылым және туризм салаларындағы ынтымақтастық туралы ұзақ мерзімді бағдарлама күшіне енді.

ТЮРКСОЙ аясында тұрақты негізде көрмелер мен өнер шеберлерінің концерттері, халықаралық ғылыми симпозиумдар, екі елдің интеллигенциясы және жұртшылығының қатысуымен “дөңгелек үстелдер” мен семинарлар өтіп тұрады.



## АРМЕНИЯ

*Ресми атауы* — Армения Республикасы.

*Астанасы* — Ереван (1,2 млн. адам).

*Территориясы* — 29,74 мың шаршы километр. Закавказьеңің оңтүстік бөлігінде орналасқан, солтүстікте Грузиямен, Иранмен, батыста Түркиямен, оңтүстікте Иранмен, оңтүстік-батыста, шығыста және солтүстік-батыста Әзірбайжанмен шектеседі.

*Ірі қалалары:* Гюмри, Ванадзор, Эчмиадзин, Капан, Раздан.

*Халқы* — 3 млн. 802 мың адам.

*Этникалық құрамы:* армяндар — 95,66%, езидтер — 60 мың, орыстар — 12,5 мың, украиндықтар — 8 мың, ассириялықтар — 7 мың, гректер — 6 мың, белорустар — 1 мың, еврейлер — 700 адам.

*Діні* — христиан діні.

*Ұлттық мерекесі* — Тәуелсіздік күні (21 қыркүйек, 1991 ж.)

*Ұлттық ақшасы* — драм.

*Әкімшілік-территориялық бөлінуі.* Армения Республикасы 10 марздан (облыстан) тұрады. Ереван да марз мәртебесіне ие. Барлығы 27 қаласы, 31 қала типті аймақтары бар.

*Мемлекеттік құрылысы.* Армения — президент басқаруындағы республика.

*Мемлекет басшысы.* Президент жалпыға бірдей тікелей және жасырын дауыспен 5 жылға сайланады (екі реттен артық емес). Атқарушы билікті Президент тағайындайтын Премьер-Министр басқарады.

Заң шығарушы билікті Арменияда бір палаталы Ұлттық Жиналыс (НС) іске асырады.

*Саяси партиялары:* Армения Республикалық партиясы, “Дашнакцүтюн” Армения революциялық федерациясы, “Ұлттық бірлесу”, “Дашинк” Одағы (“Әділеттілік”).

*Экономикасы.* Соңғы кезде экономикалық өсу белгілері болғанмен, Арменияның әлеуметтік-экономикалық жағдайы қиын күйде қалып отыр. Оның себебі Әзірбайжан мен Түркия тарапынан транспорттық және экономикалық қоршауға ұшырауынан, сондай-ақ Арменияның бұрынғы СССР-дың республикаларымен өнеркәсіптік және кооперациялық байланыстарының үзілуінен болып келеді.

1994 жылдан кейін Арменияда ішкі жалпы өнімнің (ВВП) өсуі байқалады.

Елде энергетикалық дағдарысты жою және экономикалық өсім энергетикада құрылымдық реформалар жүргізу мен Армян атом электростанциясын (АЭС) қайтадан іске қосудың нәтижесінде мүмкін болды. Оған қоса макроэкономикалық тұрақтандыру саясатының арқасында инфляцияны едәуір төмендетуге, мемлекеттік бюджет дефицитін қысқартуға қол жетті. Ал 1994 жылғы Таулы Карабахта жарияланған уақытша бітім және оның осы кезге дейін сақталып келуі ресурстарды әскери емес мақсаттарға жұмсауға жол ашты.

Алмазды өңдеу мен зергерлік өнеркәсіп бүгіндері Армения экспортының негізгі статьясы болып табылады. Армения Үкіметі 1997 жылдың өзінде алмаз өңдеу мен алтыннан заттар жасауды дамыту жөнінде концепция қабылдады. Мұның өзі 2002 жылдың аяғында толығынан жүзеге асты. Арменияның алмаз өңдейтін кәсіпорындарының өндіріс көлемі 2000 жылы 92 млн. доллардай болса, 2001 жылы 83 млн. долларды құрады (өнім көлемінің бұлайша төмендеуі әлемдік алмаз рыногындағы дағдарыс пен бағаның құлдырауына байланысты болды), ал бұл көрсеткіш 2002 жылы 80 млн. долларды құрады. Республика Ұлттық статистика қызметінің және Армения Орталық Банкінің мәліметтері бойынша 2004 жылдың қорытындысында Арменияда ішкі жалпы өнім (ВВП) 2003 жылмен салыстырғанда 10%-ға өсіп, 3,5 млрд. долларды құрады. Ал бұл көрсеткіш 2005 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 13,9%-ға өсіп, 4,5 млрд. доллар болды.

Арменияның экономикалық дамуының тағы бір белгісі — жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім көрсеткішінің 2004 жылы ай сайын 110 долларға, ал 2005 жылы 150 долларға жетуі.

Министрліктің мәліметіне қарағанда, 2005 жылы кедейшілік деңгейі 3,9%-ға кеміп, 39%-ды құрады. Қалаларда бұл

көрсеткіштер тиісінше 1,7%-бен 38%-ды, ал селоларда 6,8%-бен 40,7%-ды құрады.

2005 жылы Арменияның сыртқы сауда айналымы 31,7%-ға ұлғайып, 2,5 млрд. доллардан асты: тауарды сыртқа шығару (экспорт) 31,7%-ға өсіп, 1 млрд. долларды, импорт тиісінше 30,4%-ға өсіп, 1,5 млрд. долларды құрады.

Экспорттың негізгі статьялары өңделген асыл және жартылай асыл тастар, қымбат металдардан жасалған заттар, дайын тамақ өнімдері болып отыр. Импорт негізінен энерготасушылар, өңделмеген асыл және жартылай асыл тастар, машиналар мен жабдықтардан, тамақ өнімдерінен тұрады.

ТМД елдерінің ішінде Арменияның басты сауда серіктестері: Ресей (203,3 млн. доллар), Грузия (54,1 млн. доллар), Украина (51,4 млн. доллар), ал қиыр шетелдерден Израиль (265,7 млн. доллар), Бельгия (253,5 млн. доллар), АҚШ (157,6 млн. доллар). Сонымен қатар Грузия мен Иран арқылы, сарапшылардың пайымдауы бойынша, ресей-армян сауда айналымы көлемінде республикаға Түркиядан тауарлар тасымалданады.

Армения Қаржы Министрлігінің 2005 жылғы мәліметі бойынша, мемлекеттік сыртқы қарызының ішкі жалпы өнімге (ВВП) қатысы дұрыс бағытта өзгерді. 2005 жылдың соңында Арменияның сыртқы қарызы 1,1 млрд. долларды құрады. Бұл — ішкі жалпы өнімнің 23%-ы. 2004 жылы бұл көрсеткіш 33% болды.

Армения әлемнің 127 елімен дипломатиялық қатынастар орнатты, олардың 70-і — дипломатиялық өкілдіктер. 1992 жылдан Армения БҰҰ мен ЮНЕСКО-ның, сондай-ақ басқа да 27 халықаралық ұйымдардың, оның ішінде ТМД, ОБСЕ, ВОЗ, ВТО бар. 2001 жылдың 25 қаңтарынан Армения — Әзірбайжанмен қатар Еуропа Кеңесінің толық құқықты мүшесі.

**ҚАЗАҚСТАН — АРМЕНИЯ  
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ**

1992 жылдың 27 тамызында Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасының арасындағы дипломатиялық қатынастар орнады. Сол жылдан бастап Қазақстан Республикасында Армения Республикасының Елшілігі қызмет істеп келеді.

Қазақстан Республикасы мен Арменияның арасындағы екі жақты қарым-қатынастарды реттейтін құжаттар: екі республиканың байланыстарының негізі туралы Келісім (1993 жылдың 19 қаңтары) және Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы достық және ынтымақтастық туралы Келісім. Бұл құжаттарға 1999 жылдың 1—2 қыркүйегінде Армения Республикасының Президенті Р. Кочарянның Қазақстан Республикасына келген ресми сапары кезінде қол қойылды.

Екі жаққа тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастыққа деген құлшыныс Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2001 жылдың 23—24 мамырында Армения Республикасына барған бірінші ресми сапарында атап өтілді.

2006 жылдың 5—6 қарашасында Астанада сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы Қазақстан-Армения

комиссиясының екінші отырысы болды. Оның барысында сауда-экономикалық, инвестиция, транспорт, инновация, ауыл шаруашылық және білім беру салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелері қаралды.

2006 жылдың 6—7 қарашасында Армения Республикасының Президенті Р.Кочарян Қазақстанға кезекті ресми сапармен келді. Осы сапар кезінде саяси келіссөздер жүргізіліп, экономикалық және консульдық құжаттарға қол қойылды, сондай-ақ екі ел іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізілді.

*Сауда-экономикалық қарым-қатынастар.* ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, Қазақстан мен Армения арасындағы сауда айналымы 2005 жылы 45,2 млн. долларды құрады (Қазақстан экспорты — 43,1 млн. доллар, импорты — 2,1 млн. доллар), ал 2004 жылы бұл көрсеткіш 15,1 млн. доллар болған еді (тиісінше экспорт — 13,5 млн. доллар және импорт — 1,6 млн. доллар).

Қазақстаннан Арменияға астық, мұнай және оның өңделген өнімдері шығарылады. Армениядан Қазақстанға алкогольдік және алкогольсіз ішімдіктердің, химия өнеркәсібінің өнімдері, ағаш пен одан жасалған бұйымдар және жабдықтар әкелінеді.